

"Ақмола облысының білім басқармасының Аршалы ауданы  
бойынша білім бөлімі Бірсуат ауылының Блял Тналин  
атындағы жалпы орта білім беретін мектебі"КММ  
**2025 - 2026 оқу жылының тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарын  
тексеру қорытындысы туралы анықтама**

Мектептің оқу-тәрбие жоспарына сәйкес, тоқсандық жиынтық бағалауды жүргізуі және талдауына бақылау жүргізілді. Тоқсандық жиынтық бағалау спецификациясына сәйкес құрастырылады. Жиынтық жұмыс тапсырмаларына сәйкес балдар қойылатын балл қою кестесі құрастырылады. Мұғалім әр жауапқа қойылған балдардың, нәтижелерін дұрыс жазылғанына көз жеткізуі тиіс. Мұғалім тоқсандық жиынтық бағалау нәтижесін білім алушылардың оқу бағдарламасы мазмұнын қаншалықты тиімдімеңгергенін, қандай дағдыларды игергеніне қорытынды талдау жасау үшін бақылайды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы №193 бұйрығы және /№472 21.10.2021/ өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы негізінде БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау кестесіне сәйкес жүргізілуі тиіс. Мектепте 13 пән мұғалімі және 3 бастауыш сынып мұғалімі бөлім, тоқсандық жиынтық бағалау бойынша БЖБ, ТЖБ жүргізеді.

**Биология пәні:**

Әр тоқсан бойынша жиынтық бағалау спецификациясы, ТЖБ өткізу кестесі жинақталған. ТЖБ өткізу уақыты 45 минутқа көрсетілген.

- Қиындық туғызған мақсаттар көрсетілген
- Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларды туындаған қиындықтар тізбесі нақты көрсетілген
- Себептері анықталған
- Жоспарланған жұмыстар тізбесі нақты көрсетілген.

**Математика пәні:**

ТЖБ нәтижелерін талдауда оқушылардың білім деңгейін, яғни әр оқушыны жаза отырып, қиындық тудырған мақсаттарды нақты жазып көрсеткен.

- Қол жеткізген мақсаттар мен қиындық туғызған мақсаттар бар
- Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларды туындаған қиындықтар тізбесі нақты көрсетілген
- Себептері анықталған
- Жоспарланған жұмысты толықтыру қажет етеді.

**География пәні:**

Әр тоқсан бойынша жиынтық бағалау спецификациясы, өткізу кестесі бар, өткізу уақыты - 45 минут көрсетілген. Bilim class-тан оқушылардың ТЖБ туралы ақпарат алынған. БЖБ, ТЖБ талдауы бірге жазылған.

### **Қазақ тілі пәні:**

Bilim class-тан оқушылардың ТЖБ туралы ақпарат алынған. Әр тоқсан бойынша жиынтық бағалау спецификациясы салынған, ұзақтығы - 45 минут, оқылым – 15, жазылым 30 минут көрсетілген.

- Қиындық туғызған мақсаттар көрсетілген
- Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларды туындаған қиындықтар тізбесі нақты жазылған
- Себептері толық анықталған
- Жоспарланған жұмыстар тізбесін анық, түсінікті жазған.

### **Ағылшын тілі пәні:**

ТЖБ нәтижелерін талдауда оқушылардың білім деңгейін, яғни әр оқушыны жаза отырып, қиындық тудырған мақсаттарды жазып көрсеткен.

- Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларды туындаған қиындықтар тізбесі нақты көрсетілген
- Себептері анықталған
- Жоспарланған жұмыстар тізбесі қиындық туғызған мақсатқа сай алынған.

### **Қазақстан тарихы пәні:**

ТЖБ нәтижелерін талдауда оқушылардың білім деңгейін, яғни әр оқушыны жаза отырып, қиындық тудырған мақсатты нақты жазып көрсеткен. Оның себептерін және шешу жолдарына жұмыс жоспарланған. Әр тоқсан бойынша жиынтық бағалау спецификациясы бар.

- Қиындық туғызған мақсаттар көрсетілген
- Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларды туындаған қиындықтар тізбесі нақты көрсетілген
- Себептері анықталған
- Жоспарланған жұмыстар тізбесі қиындық туғызған мақсатқа сай алынған.

### **Орыс тілі мен әдебиеті пәні:**

ТЖБ нәтижелерін талдауда оқушылардың білім деңгейін, мақсатты меңгерген оқушыларды көрсете отырып, қиындық тудырған оқу мақсаттарын алған. Пән мұғалімі ТЖБ талдауын толық жазған.

- Қиындық туғызған мақсаттар көрсетілген
- Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларды туындаған қиындықтар тізбесі нақты көрсетілген
- Себептері анықталған
- Жоспарланған жұмыстар тізбесі қиындық туғызған мақсатқа сай алынған.

• **Кемшіліктер:**

- Пән мұғалімінің тапсырмаларды орындауда қиындық тудырған мақсаттарға дұрыс назар аудармауы, /қиындық тудырған мақсатты қайта жаза салу/
- қиындық тудыру себептері не, яғни себептерін нақтыламау
- Жоспарланған жұмыстар тізбесін, оқушылармен қандай түзету жұмыстарын жүргізуді нақты жоспарламау.
- Оқушы орындаған тоқсандық жұмыстарда әр тапсырманының орындалғанын тексеріп, бағаламау.

**Ұсыныстар:**

1. Пән мұғалімінің тапсырмаларды орындауда қиындық тудырған мақсаттарға назар аудару
2. Қиындық тудырған себептерін анықтау
3. Жоспарлаған жұмыстар тізбесін нақты көрсету.

Анықтама жазған ДООЖО:



**А.К. Турлубекова**